



## БҰЙРЫҚ

25.05.2018

Ақтау қаласы

## ПРИКАЗ

№ 349

город Ақтау

### ***Банкроттықты басқарушыны тағайындау туралы***

Қазақстан Республикасының 2014 жылғы 7 наурыздағы «Оңалту және банкроттық туралы» Заңына сәйкес және 2018 жылғы 21 мамырдағы "Стальстрой" ЖШС-нің кредиторлар жиналысы шешімінің негізінде,

### **БҰЙЫРАМЫН:**

1. "Стальстрой" ЖШС-не Құбығұл Орынбасар Данабайұлы банкроттықты басқарушы болып тағайындалсын;
2. Қазақстан Республикасы 2014 жылғы 7 наурыздағы «Оңалту және банкроттық туралы» Заңының талаптарына сәйкес банкроттықты басқарушының міндеттемесін орындау О.Д. Құбығұлға жүктелсін;
3. Банкроттықты басқарушы О.Д. Құбығұл Қазақстан Республикасы 2014 жылғы 7 наурыздағы «Оңалту және банкроттық туралы» Заңының 19-бабы 4 тармағының талаптарын орындауды және банкроттық рәсімдерінің жүргізілу барысы туралы ақпаратты, растайтын құжаттардың көшірмелерін қоса бере отырып, ай сайын есепті кезеңнен кейінгі айдың 5-күнінен кешіктірмей беруді қамтамасыз етсін;
4. Осы бұйрықтың орындалуын қадағалау Мемлекеттік кірістер департаментінің Борыштармен жұмыс басқармасының Оңалту және банкроттық бөлімі басшысы А.А. Акимбаевқа жүктелсін;
5. Осы бұйрықтың бір данасы "Стальстрой" ЖШС-нің банкроттықты басқарушысы О.Д. Құбығұлға жолдансын.

Басшы



Ә.Тілегенов